



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

06.01.2026

Кокшетау қаласы

№ 3

город Кокшетау

**Мектеп оқушыларын тамақтандыруға
арналған перспективалық
мәзірді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-302/2020 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы №16 бұйрығына сәйкес, ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген санитарлық нормалар мен талаптар негізінде, сондай-ақ мектеп оқушыларының жас шамасындағы физиологиялық тамақтану нормаларын ескере отырып, білім алушыларды теңдестірілген және қауіпсіз тамақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген үлгілік ас мәзірі негізінде 2026 оқу жылына арналған Ақмола облысының жергілікті атқарушы органдарының қаражаты есебінен тамақтандыру жүзеге асырылатын білім беру ұйымдарындағы міндетті бір реттік ыстық ас үшін үлгілік перспективалық төрт апталық маусымдық ас мәзірі және буфеттік өнімнің ассортименттік тізбесі өзгеріссіз бекітілсін, осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес.

2. Мектеп кабинеттеріне жетекшілік ететін медициналық ұйымдардың басшылары:

- мектептің медицина қызметкерінің ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізуді және сақтауды жүзеге асыруын қамтамасыз етсін; бракераж комиссиясының жұмысына қатыссын;

- № 16 Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес, күн сайын ас блоктарына таратар алдында бракераж журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалауды жүргізісін;

- жауапты тұлғаға ерекше диеталық қажеттіліктері бар оқушылардың/тәрбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыруға және диеталық тамақтануды қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асыруды қалыптастарсын және

001387

берсін; оқушылар арасында аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру жөнінде оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастыру және өткізу, олардың заңды өкілдері мен педагогтарын білім беру және түсіндіру іс-шараларын жүргізе отырып, оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға тарту, оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау шеңберінде санитариялық қағидалар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;


- перспективалы ас мәзіріне өзгерістер енгізген және тамақ өнімдерін ауыстырған жағдайда дайын тағамдардың шығуын, отырғызу нормаларын, тамақтану рационының химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығын бақыласын;

- ас блогы персоналының денсаулық жағдайына апта сайын ішінара бақылауды жүзеге асырсын.

- білім беру ұйымының медицина қызметкерлерін тамақтану мәселелері бойынша кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтуге жіберуге міндетті.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ана мен баланың және қоғамдық денсаулығын сақтау бөлімінің басшысы Г.Мукашеваға жүктелсін.

Басқарма басшысы



Н. Ермек